

**«Қызметкердің оқу орнына қанағаттануы» сауалнамасы нәтижелері бойынша
сараптамалық есеп
2019-2020 оқу жылы**

«Сырдария» университетінде бөлімнің оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес 19-21 желтоқсан күндері университет қызметкерлері арасында социологиялық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 66 респондент қатысты.

Сауалнама мақсаты университет қызметкерлерінің оқу орнындағы жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау болып табылады. Сонымен қатар олардың материалды және әлеуметтік-психологиялық жағдайлары талданып, құрылымдық бөлімдердің моральді-психологиялық климаты суреттеледі.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің осы оқу орнындағы жұмыс жасау тәжірибесі төмендегі кестеде көрсетілген.

1. Осы ЖОО-дағы Сіздің жұмыс тәжірибеңіз.

	Респонденттер саны	%
1 жылдан аз	10	15,1%
1-3жыл	14	21,2%
4-10 жыл	25	37,8%
10 жылдан көп	17	25,7%

Сауалнамаға қатысқан қызметкерлердің 37,8,% университетте 4-10 жыл аралығында қызмет ететіндер, 25,7% осы оқу орнындағы еңбек өтілі 10 жылдан көп, 21,2% 1-3 жыл аралығында, 15,1 % 1 жылдан аз болып табылады.

2. ЖОО қатысуымен Өз біліктілігіңізді арттырудың жиілігі қандай?

	Респонденттер саны	%
Өзімнің қалауым бойынша	21	33,3%
3 жылда 1 рет	13	20,6%
5 жылда 1 рет	13	20,6%
ЖОО әкімшілігінің қалауы бойынша	9	14,2%
Бекітілген кесте бойынша	7	11,1%

Респонденттердің 33,3% біліктілігін өз қалауы бойынша арттырамын десе, 20,6% 3 жылда 1 рет, 5 жылда 1 рет, қалғандары әкімшілігі шешімімен және бекітілген кесте бойынша іске асырылатынын көрсеткен.

3. Сіздің ЖОО-да мадақтау процесі қалай іске асырылады, оның ашықтығы мен әділдігі қандай?

	Респонденттер саны	%
Бөлімде шешім қабылданады және талқыланады	61	92%
Бөлім басшысы өзі шешеді.	3	5%
ЖОО әкімшілігі шешеді.	2	3%

Сауалнаманың «Сіздің ЖОО-да мадақтау процесі қалай іске асырылады, оның ашықтығы мен әділдігі қандай?» - деген сұрағына респонденттердің 92 %- «бөлімде шешім қабылданады және талқыланады» -деп жауап берсе, 3 %- бұл мәселені «ЖОО әкімшілігі шешеді», 5%- бөлім басшысы өзі шешеді -деп көрсетті

4. Сіздің ЖОО-да қызметкерлерді моральді түрде (түрлі алғысхаттар, мерейтоймен құттықтау, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?

жауаптар	Респонденттер саны	%
Толық қанағаттанамын	55	83%
Орташа деңгейде қанағаттанамын	11	17%
Мүлдем қанағаттанбаймын	0	0%

«Сіздің ЖОО-да қызметкерлерді моральді түрде (түрлі алғысхаттар, мерейтоймен құттықтау, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сұраққа респонденттердің 83 % - «толық қанағаттанамын», 17 % - «орта деңгейде қанағаттанамын» - деп жауап берді

5. Сіздің ЖОО-да қызметкерлерді материалды түрде (сыйақы, үстемақы, т.б.) түрде мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?

	Респонденттер саны	%
Толық қанағаттанамын	51	77%
Орташа деңгейде қанағаттанамын	10	15%
Мүлдем қанағаттанбаймын	5	8%

«Сіз ЖОО-да қызметкерлерді материалды түрде (сыйақы, үстемақы, т.б.) мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сұраққа респонденттердің 15% - «орта деңгейде қанағаттанамын», 77 % - «толық қанағаттанамын», 8% - «мүлдем қанағаттанбаймын» - деп жауап берді

6. Сіздің ЖОО-да қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шараларына (түрлі өмірлік: психологиялық, отбасылық, денсаулық жағдайларында қолдау) түрде мадақтау процесіне қаншалықты қанағаттанасыз?

	Респонденттер саны	%
Толық қанағаттанамын	50	76%
Орташа деңгейде қанағаттанамын	12	18%
Мүлдем қанағаттанбаймын	5	6%

«Сіз ЖОО-да қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шараларына (түрлі өмірлік: психологиялық, отбасылық, денсаулық жағдайларында қолдау, т.б.) қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сұраққа респонденттердің 18% - «орта деңгейде қанағаттанамын», 76% - «толық қанағаттанамын», 6% - «мүлдем қанағаттанбаймын» - деп жауап берді

7. ЖОО-ның беделін арттыруға қосқан үлесіңізді ЖОО дұрыс бағалайды деп ойлайсыз ба?

	Респонденттер саны	%
Иә	52	79%
Жоқ	8	12%
Барлық уақытта емес	6	9%

Сауалнаманың келесі сұрақтары оқытушы қызметінің психологиялық қырларын (талап-тілектері, қолдау табуы, құрметтелуі, т.б.) сипаттап көрсетеді. Мысалы, «ЖОО-ның беделін арттыруға қосқан үлесіңізді ЖОО дұрыс бағалайды деп ойлайсыз ба?» - деген сұраққа сұралғандардың 79% - «иә» деп жауап берсе, 12% - «жоқ» деп ал, 9 % - «барлық уақытта емес» деп жауап берді.

8. Қызметкерлердің еңбек жағдайы мен еңбек ақы мәселелері туралы шағымдарына әкімшілік қалай қарайды?

	Респонденттер саны	%
Бірқалыпты, бәрін мұқият түсіндіреді	43	82,6%
Наразылық танытады	3	5,7%
Немқұрайлы	6	11,5%

«Қызметкерлердің еңбек жағдайы мен еңбек ақы мәселелері туралы шағымдарына әкімшілік қалай қарайды?» - деген сұраққа сұралғандардың 82,6%- «бірқалыпты, бәрін мұқият түсіндіреді» деп жауап берді, ал 11,5 %- «немқұрайлы», ал 5,7%- «наразылық танытады» - деп жауап берген.

9. Сіздің ЖОО ұжымының психологиялық климатын (татулығы, ұйымшылдық, ауызбіршілігін) қалай бағалайсыз?

	Респонденттер саны	%
Жақсы	56	85%
Орташа	10	15%
Шиеленіскен	0	0%

Сіздің ЖОО ұжымының психологиялық климатын қалай бағалайсыз?» - деген сұраққа респонденттердің 85%- «жақсы», 15%-ы «орташа»-деп жауап берген

10. Егер жұмыс орныңызды ауыстыру мүмкіндігі туса, қайтадан осы ЖОО-ны таңдар ма едіңіз?

	Респонденттер саны	%
Иә	50	76%
Жоқ	7	11%
Білмеймін	9	13%

Сауалнаманың соңғы «Егер жұмыс орныңызды ауыстыру мүмкіндігі туса, қайтадан осы ЖОО таңдар ма едіңіз?» - деген сұрағына респонденттердің 76 %-«иә», 11%-«жоқ», 13 %- «білмеймін» - деп жауап берген

Жалпы, жоғары оқу орнының материалды мадақтау процесіне, әлеуметтік қолдау шаралары бойынша жұмысы респонденттердің тарапынан төмен бағаға ие болды. Сауалнама нәтижесінде респонденттердің басым бөлігі жоғары оқу орнындағы бөлім қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда жүйе жоқ екені анықталды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, келесідей ұсыныстарды алға тартуға болады:

- 1.Бөлімдерде моралді, материалды мадақтау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету (бөлім мәжілістерінде талқылау, шешім қабылдау)
2. Сауалнама барысында оқытушылардың білдірген талап тілектерін ескерілсе.

Жұмыстың түрлі тұстарына қанағаттанушылық дәрежесіне қатысты сұрақтардың жауаптарын сараптай келе, университет қызметкерлерінің өзара түсіністікке, қызмет бойынша көтерілу мүмкіндігіне, әріптестер мен әкімшілікпен қарым-қатынасқа, өз қабілеттерін жүзеге асыру еңбек шарттарына орта деңгейде қанағаттанады деген шешім шығаруға болады. Сұралғандардың көбісі әкімшілікпен,тікелей басшылықпен, әріптестермен қарым-қатынасқа толығымен немесе белгілі бір дәрежеде қанағаттанатындығын атап көрсетті.